АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ
ҮШАРАЛ
ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
УШАРАЛЬСКОГО
ГОРОДСКОГО ОКРУГА
АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

26.02.2026 № 58

Үшарал қаласы

город Ушарал

Үшарал қаласы, Жеңіс көшесінде жоспарлау және жер жұмыстарын жүргізу бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. **Үшарал қаласы, Жеңіс көшесінде жоспарлау және жер жұмыстарын жүргізу** «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағының **28) тармақшасына** сәйкес тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы өткізу.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты "Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Ж.Сатыбалдинов:

- Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;

- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Қала әкімі **А. Абишев**

001897

Қарсы емес пін.

Үшарал қалалық округі әкімі
А. Абишев

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы
Ж. Сатыбалдиновтан

ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы

Үшарал қаласы, Жеңіс көшесінде жоспарлау және жер жұмыстарын жүргізу мақсатында аталған жұмыстарды жедел әрі сапалы ұйымдастыру қажеттілігі туындап отыр. Жобаны уақытылы іске асыру аумақты абаттандыруға дайындауға, инфрақұрылымды жүйелі дамытуға және тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Аталған жұмыстардың маңыздылығын және оларды уақытылы орындамау құрылыс процесінің кешігуіне, сондай-ақ жоспарланған іс-шаралардың мерзімінде жүзеге аспауына әкелуі мүмкін екенін ескере отырып, мемлекеттік сатып алуды Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру қажет деп есептеймін.

Балама сатып алу тәсілдерін (ашық конкурс, баға ұсыныстарын сұрату және т.б.) қолдану бұл жағдайда тиімсіз, себебі олар ұзақ уақытты талап етеді. Бұл өз кезегінде жұмыстардың уақытылы басталмауына және жоспарланған мерзімдердің бұзылуына әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты, жоғарыда көрсетілген заң нормасына сәйкес, Үшарал қаласы, Жеңіс көшесінде жоспарлау және жер жұмыстарын жүргізу бойынша мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілі арқылы жүзеге асыруға рұқсат беруіңізді сұраймын.

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы **Ж.Сатыбалдинов**